

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің және өрт-техникалық оқу орындары курсанттарының нысандық және арнайы киім-кешектерінің үлгілері мен тиесілілігі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы № 13 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1306 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің және өрт-техникалық оқу орындары курсанттарының нысандық және арнайы киім-кешектерінің үлгілері мен тиесілілігі нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы № 13 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің нысандық киімінің және арнайы киім-кешектерінің үлгілері мен тиесілілік нормаларын бекіту туралы;

1. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің нысандық киімінің және арнайы киім-кешектерінің үлгілері мен тиесілілік нормалары бекітілсін»;

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жоғары басшы құрамының нысандық киімінің және арнайы киім-кешектерінің тиесілілік нормалары»;

«Күнделікті киетін киім-кешек» деген 2-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2.25-жолмен толықтырылсын:

«

2.25	Қара-қоңыр қорғаныш түсті табиғи қаракөл жағалы қысқы тері бушлат	1 дана	3 жыл	**
------	---	--------	-------	----

» ;

«Далалық киім нысандары» деген 3-бөлімде:
реттік нөмірі 3.1-жолдың 2-бағанындағы «етегі сыртқа шығарылатын» деген
сөздер алынып тасталсын;
реттік нөмірі 3.3-жол алынып тасталсын;
реттік нөмірі 3.4-жолдың 2-бағанындағы «шалбарға салынатын» деген сөздер
алынып тасталсын;
реттік нөмірі 3.6-жол алынып тасталсын;
«Өрт сөндіруші құтқарушылардың арнайы киімдері» деген 4-бөлімде:
бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Арнайы киім нысаны»;
реттік нөмірі 4.1-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
«Күнқағары бар кара-көк түсті тері құлақшын; кара-көк түсті футболка
немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; капюшоны бар сырмалы жылы
күрте және кара-көк түсті тік пішілген жылы шалбар; жылы құрым қысқа етік
немесе кара түсті қонышы биік жылы бәтеңке; кара-көк түсті мойыншалғы»;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4.2-жолмен толықтырылсын:

«

4.2	Жазғы арнайы киім	1 жинақ	3 жыл*	Кокардасы бар кара-көк түсті далалық фуражка немесе кокардасы бар берет; кара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшкалар; погондары бар сырмалы далалық күрте немесе қысқа жеңді жейде және кара-көк түсті тік пішілген шалбар
-----	-------------------	---------	--------	--

» ;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің аға және орта
басшы құрамының нысандық киімі мен арнайы киім-кешегінің тиесілілік
н о р м а л а р ы » ;

«Күнделікті киетін киім-кешек» деген 2-бөлім мынадай мазмұндағы реттік
нөмірі 2.26-жолмен толықтырылсын:

«

2.26	Қара-қоңыр қорғаныш түсті тері жағалы қысқы бушлат	1 дана	3 жыл	Полковниктер үшін қаракөл жағалы**
------	--	--------	-------	------------------------------------

» ;

«Далалық киім нысандары» деген 3-бөлімде:
реттік нөмірі 3.1-жолдың 2-бағанындағы «етегі сыртқа шығарылатын» деген
сөздер алынып тасталсын;
реттік нөмірі 3.3-жол алынып тасталсын;
реттік нөмірі 3.4-жолдың 2-бағанындағы «шалбарға салынатын» деген сөздер

а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

реттік нөмірі 3.6-жол алынып тасталсын;

«Өрт сөндіруші құтқарушылардың арнайы киімдері» деген 4-бөлімде:

бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Арнайы киім нысаны»;

реттік нөмірі 4.1-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Күнқағары бар қара-көк түсті тері құлақшын; қара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; капюшоны бар сырмалы жылы күрте және қара-көк түсті тік пішілген жылы шалбар; жылы құрым қысқа етік немесе қара түсті қонышы биік жылы бәтеңке; қара көк түсті мойыншалғы»;

реттік нөмірі 4.2-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Кокардасы бар қара-көк түсті далалық фуражка немесе кокардасы бар берет; қара көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; погондары бар сырмалы далалық күрте немесе қысқа жеңді жейде және қара-көк түсті тік пішілген шалбар»;

реттік нөмірі 4.3-жол алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің кіші басшы және қатардағы құрамының нысандық киімі мен арнайы киім-кешегінің тиесілілік нормалары»;

«Далалық киім нысандары» деген 3-бөлімде:

реттік нөмірі 3.3-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 3.1-жолдың 2-бағанындағы «сыртқа шығарылған» деген сөздер

а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

реттік нөмірі 3.5-жолдың 2-бағанындағы «шалбарға салынатын» деген сөздер

а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

«Өрт сөндіруші құтқарушылардың арнайы киімдері» деген 4-бөлімде:

бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Арнайы киім нысаны»;

реттік нөмірі 4.1-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Күнқағары бар қара-көк түсті тері құлақшын; қара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; капюшоны бар сырмалы жылы күрте және қара-көк түсті тік пішілген жылы шалбар; жылы құрым қысқа етік немесе қара түсті қонышы биік жылы бәтеңке; қара-көк түсті мойыншалғы»;

реттік нөмірі 4.2-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Кокардасы бар қара-көк түсті далалық фуражка немесе кокардасы бар берет; қара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; погондары бар сырмалы далалық күрте немесе қысқа жеңді жейде және қара-көк

түсті тік пішілген шалбар»;
көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің аға және орта басшы құрамындағы әйелдердің нысандық киімі мен арнайы киім-кешектерінің тиесілілік нормалары»;

«Далалық киім нысандары» деген 3-бөлімде:
реттік нөмірі 3.1-жолдың 2-бағанындағы «сыртқа шығарылатын» деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 3.3-жол алынып тасталсын;
реттік нөмірі 3.4-жолдағы «шалбарға салынатын» деген сөздер алынып тасталсын;

«Өрт сөндіруші құтқарушылардың арнайы киімдері» деген 4-бөлімде:
бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Арнайы киім нысаны»;

реттік нөмірі 4.1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

4.1	Қысқы арнайы киім	1 жинақ	3 жыл*	Күнқағары бар кара-көк түсті тері құлақшын; кара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; капюшоны бар сырмалы жылы күрте және кара-көк түсті тік пішілген жылы шалбар; жылы құрым қысқа етік немесе кара түсті қонышы биік жылы бәтеңке; кара көк түсті мойыншалғы
-----	-------------------	---------	--------	---

» ;

реттік нөмірі 4.2-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
«Кокардасы бар кара-көк түсті далалық фуражка немесе кокардасы бар берет; кара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; погондары бар сырмалы далалық күрте немесе қысқа жеңді жейде және кара-көк түсті

тік пішілген шалбар»;
реттік нөмірі 4.3-жол алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің кіші басшы және қатардағы құрамындағы әйелдердің нысандық киімі мен арнайы киім-кешектерінің тиесілілік нормалары»;

«Далалық киім нысандары» деген 3-бөлімде:
реттік нөмірі 3.1-жолдың 2-бағанындағы «етегі сыртқа шығарылатын» деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 3.3-жол алынып тасталсын;
реттік нөмірі 3.4-жолдың 2-бағанындағы «шалбарға салынатын» деген сөздер

а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

«Өрт сөндіруші құтқарушылардың арнайы киімдері» деген 4-бөлімде:
бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Арнайы киім нысаны»;

реттік нөмірі 4.1-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Күнқағары бар қара-көк түсті тері құлақшын; қара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; капюшоны бар сырмалы жылы күрте және қара-көк түсті тік пішілген жылы шалбар; жылы құрым қысқа етік немесе қара түсті қонышы биік жылы бәтеңке; қара көк түсті мойыншалғы»;

реттік нөмірі 4.2-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Кокардасы бар қара-көк түсті далалық фуражка немесе кокардасы бар берет; қара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; погондары бар сырмалы далалық күрте немесе қысқа жеңді жейде және қара-көк түсті тік пішілген шалбар»;

көрсетілген қаулыға 1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларға ескертпеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің орталық аппаратында қызмет өткеретін қызметкерлерге далалық киім-кешек пен арнайы киім нысанын кию мерзімі 1 жылға ұлғайтылады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізген, сондай-ақ жиындар мен арнайы жаттығуларға қатысқан кезде арнайы киім нысаны пайдаланылады.»;

12-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«- ауа температурасы +20⁰С-тан жоғары болғанда, галстуксыз қысқа жеңді қара-қоңыр қорғаныш немесе ақ түсті жейде»;

көрсетілген қаулыға 6-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің арнайы киім-кешегінің тиесілілік нормалары»;

көрсетілген қаулыға 7-қосымша:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары өрт-техникалық оқу орындары курсанттарының нысандық киімі мен арнайы киім-кешектерінің тиесілілік нормалары» ;

мынадай мазмұндағы 7-бөліммен толықтырылсын:

«

7. Арнайы киім нысаны			
7.1	Қысқы арнайы киім**	1 жинақ	оқу мерзіміне

» ;

Ескерту мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«**Күнқағары бар қара-көк түсті тері құлақшын; қара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; капюшоны бар сырмалы жылы күрте және қара-көк түсті тік пішілген жылы шалбар; жылы құрым қысқа етік немесе қара түсті қонышы биік жылы бәтеңке; қара көк түсті мойыншалғы;

***Кокардасы бар қара-көк түсті далалық фуражка немесе кокардасы бар берет; қара-көк түсті футболка немесе қызғылтым жолақтары бар тельняшка; погондары бар сырмалы далалық күрте немесе қысқа жеңді жейде және қара-көк түсті тік пішілген шалбар.» ;

көрсетілген қаулыға 8-қосымшада:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өрт-техникалық оқу орындары курсанттарының мүкәммалдық және арнайы мүліктерінің тиесілілік нормалары» ;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген қызметкерлерінің және өзге де қызметкерлерінің нысандық киімдерінің үлгілерінде :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген қызметкерлерінің және өзге де қызметкерлерінің нысандық киімі мен арнайы киім-кешегінің үлгілері» ;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген қызметкерлерінің және өзге де қызметкерлерінің нысандық киімі мен арнайы киім-кешегінің үлгісінде :

мәтіндегі «I, II, III, IV-I, V» деген цифрлар тиісінше «1, 2, 3, 4-1, 5» деген цифрлармен ауыстырылсын ;

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген қызметкерлерінің және өзге де қызметкерлерінің нысандық киімі мен арнайы киім-кешегінің сипаттамасы» ;

«Жоғары басшы құрамның киім нысаны» деген I тараудың «Күнделікті киім нысаны» деген б) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«- табиғи қаракөл жағалы қара-қоңыр қорғаныш түсті қысқы бушлат (5.1-

с у р е т) » ;

«Аға, орта және кіші басшы құрамның киім нысандары» деген II тараудың «Күнделікті киім нысаны» деген б) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«- кара-көк түсті тері жағалы кара-қоңыр қорғаныш түсті қысқы бушлат (23.1 - с у р е т) » ;

«Өрт сөндіруші құтқарушылардың киім нысандары» деген IV тарау мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау Арнайы киім нысаны

Арнайы киім нысанының сипаттамасын өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысы осы қаулымен бекітілген нормалардың шегінде анықтайды және белгілейді»;

«Нысандық арнайы киім кешектерінің суреттері» деген бөлімде: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысандық киім мен арнайы киім-кешектің суреттері»; мынадай суреттермен толықтырылсын:

«5-1 «Генералдардың бушлаттағы күнделікті киім нысаны»;

«18-1 «Генералдардың күртедегі жазғы далалық киім нысаны»;

«23-1 «Офицерлердің бушлаттағы қысқы күнделікті киім нысаны»;

«33-1 «Офицерлердің күртедегі жазғы далалық киім нысаны»;

«44-1 «Әйел-офицерлердің және кіші басшы құрамның күртедегі жазғы далалық киім нысаны»;

55, 56-суреттер алынып тасталсын.

2. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлері үшін нысандық киімі мен арнайы киім-кешек сатып алу кезең-кезеңімен, тиісті жылға арналған республикалық бюджет қаражатының шегінде жүргізіледі деп белгіленсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*